«Бекітемін» Ұсынылды: Мектеп директоры:
_______ Т.Байсбаев.
«5» 09 2024жыл.

Жаратылыстану бағыты пәндері бірлестік жетекші:
_______ Б.Шалабаева.
«05» қыркүйек 2024жыл.

# «Математика,физика информатика,биология және химия,денешынықтыру,АӘД пәндері» әдістемелік бірлестігінің 2024-2025 оқу жылына арналған жоспары.

Математика,физика информатика,биология және химия,денешынықтыру,АӘД бірлестігінің әдістемелік тақырыбы:*«Мұғалімнің кәсіби құзіретін жетілдіре отырып, инновациялық технологиялар арқылы білім сапасын арттыру»*

**Мақсаты:** *Жаңа технологияның әдіс-тәсілдері арқылы сапалы біліммен, жан-жақты дамыған дүние танымы кең, шығармашылық ізденіспен жұмыс істейтін жеке тұлғаны қалыптастыру.*

**Міндеттері:**-*Оқушыларды математика пәнінің негізгі туралы, оның қоғам өміріндегі рөлі мен мазмұны туралы тұтас түсінік қалыптастыру; - Барлық кезеңдердің қалыптасуы мен мемлекеттің өмір сүруі механизмдері туралы нақты білімдердің жинақталуын қамтамасыз ету; - Оқуда алған білімдердің қандай қоғамдық салаларда қолданылатынына түсініктеме беру; - Жаңа заман талабына сай ізденгіш,жауапкершілігі зор, талапты жеткіншек қалыптастыру. – жаратылыстану бағыты пәндері бойынша оқушыларды ҰБТ-ге сапалы дайындық жұмыстар жүргізу. ӘБ мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін көтеру; Сабақтарда жаңа технология элементтерін қолдану арқылы оқушыларды өз бетінше жұмыс істеу қабілетін дамыту, тарихи-мәдени құндылықтарды өз бойына сіңірген жеке тұлға қалыптастыру мақсатында жүргізіліп, өз Отанын сүйетін, сын тұрғысынан ойлана білетін оқушы тәрбиелеу міндеттеріне жетті.*

## Білім беру үрдісін жақсарту бағытындағы жұмыстар.

| р/с | *Жұмыс мазмұны* | *Өтетін күні* | *Өткізілу формасы* | *Жауапты* |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Оқушыларды оқулықтармен қамту жағдайын анықтау, мәлімдеме беру | Қыркүйек | Директор жанындағы отырыста қарау | ӘБ жетекшісі |
| 2. | Әдістеме бірлестік жетекшілерінің әдістемелік қызметі бойынша есебін тыңдау | Желтоқсан | Әдістемелік кеңесте | ӘБ жетекшісі |
| 3. | Мемлекеттік қорытынды аттестаттаудың емтихан материалдарын бекіту | Сәуір | Анықтама | ӘБ жетекшісі<br>Пән мұғалімдері |
| 4. | Электронды оқулықтарды белсенді тақтаны қолдану әдістемесі бойынша тәжірибе алмасу | Кезінде | Ашық сабақтарға,семинарға қатысу | Пән мұғалімдері |

## Мұғалімдердің өз білімдерін жетілдіру жұмысын ұйымдастыру.

| р/с | *Жұмыс мазмұны* | *Өтетін күні* | *Өткізілу формасы* | *Жауапты* |
|---|---|---|---|---|
| 1. | ӘБ отырыстарында, педкеңестерде, ата-аналар жиналыстарында баяндамалар жасау | Үнемі | Баяндама, презентация | Пән мұғалімдері |
| 2. | Өз білімін жетілдіру жоспарын, жеке шығармашылық ізденіс тақырыбы бойынша жоспар жасау және жоспарға сай жұмыстану | Ақпан | Есеп беру | Пән мұғалімдері |
| 3. | Өзара сабаққа ену | Айына 4 рет | Қатынас дәптер толтыру | Пән мұғалімдері |
| 4. | Мерзімді білім жетілдіру курстарына қатысу | Мерзімінде | Курсқа қатысу | Пән мұғалімдері |
| 5 | Аудандық деңгейдегі іс-шараларға қатысу | Үнемі | | Пән мұғалімдері. |
| 6 | Педагогикалық газет-журналдарға жазылу. | Қыркүйек-мамыр | | Пән мұғалімдері |

## Пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар.

| р/с | *Жұмыс мазмұны* | *Өтетін күні* | *Өткізілу формасы* | *Жауапты* |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Оқушыларды олимпиадаларға дайындау<br>Пәндік мектепішілік олимпиадалар өткізу | Қазан | Олимпиада | ӘБ жетекшісі<br>Пән мұғалімдері |
| 2 | Аудандық олимпиадаларға қатысу | Қараша | Олимпиада | Пән мұғалімдері |
| 3 | МИФ пәні апталығы | Желтоқсан | Апталық | Пән мұғалімдері |
| 4 | Биологи және химия пәні апталығы | Қаңтар | Апталық | Пән мұғалімдері |
| 5 | Денешынықтыру пәні апталығы | Сәуір | Апталық | Пән мұғалімдері |
| 6 | Аудандық, облыс деңгейіндегішығармашылық сайыстарға қатысу | Қыркүйек – мамыр | Сайыс | Пән мұғалімдері |

## ӘБ-тің аналитикалық іс-әрекеті, басқару және бақылау

| р/с | *Жұмыс мазмұны* | *Өтетін күні* | *Өткізілу формасы* | *Жауапты* |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Жыл басындағы негізгі пәндер бойынша білім тексеру жұмысының қорытындысы туралы | Қыркүйек | ӘБ отырысы | ӘБ жетекшісі |
| 2 | БЖБ және ТЖБ-ның кестесін жасау | Қыркүйек | ӘБ отырысы | ӘБ жетекшісі<br>Пән мұғалімдері |
| 3. | ҰБТ байқау тестілеулердің қорытындысына талдау, әр оқушының мониторингісін жасау, жіберілген қателермен жұмыстар жүргізу, ата-аналармен байланыста болу | Үнемі | ӘБ отырысы | ӘБ жетекшісі<br>Пән мұғалімдері |
| 4. | 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі және қиындықтарын анықтау | Қараша-желтоқсан | Саралау | ӘБ жетекшісі |
| 5. | Бағдарламаның орындалуын тексеру | Әр тоқсан соңында | ӘБ отырысы | ӘБ жетекшісі |
| 6. | Электронды журналдарының толтырылуы | Тоқсан сайын | Директор жан.отырысы<br>Мектеп дир. орынб. отырысы | ӘБ жетекшісі<br>Пән мұғалімдері |
| 7. | 6-9сынып оқушыларының тарих пәндері бойынша білімін, біліктілігін тексеру | Қаңтар | Сабақтарға қатысу | ӘБ жетекшісі<br>Пән мұғалімдері |
| 8. | 6-9сынып оқушыларының география пәндері бойынша білімін, біліктілігін тексеру | Наурыз | Сабақтарға қатысу | ӘБ жетекшісі<br>Пән мұғалімдері |
| 9. | 9-сыныптардың қорытынды аттестацияға дайындығы | Мамыр | Дир.орынбасарларының жанындағы отырыс | ӘБ жетекшісі<br>Пән мұғалімдері |
| 10. | Тоқсандық білім сапасына талдау | Тоқсансайы н | ӘБ отырысы | ӘБ жетекшісі<br>Пән мұғалімдері |
| 11. | Емтихан материалдарын әзірлеу, талдау, бекіту. | Мамыр | ӘБ отырысы | ӘБ жетекшісі<br>Пән мұғалімдері |

Аттестациядан өтетін мұғалімдермен жұмыс.

| | *Жұмыс мазмұны* | *Өтетін мерзімі* | *Өткізілу формасы* | *Жауапты* |
|---|---|---|---|---|
| 1 | I. Дайындық кезең. | Қыркүйек | Құжаттарды зерттеу | ӘБ жетекшісі |
| 2 | II. Шығармашылық кезең.<br>1. Сабақтарға қатысу<br>2. Пән бойынша сыныптан тыс шараларға қатысу<br>3.Оқу бағдарламасының орындалуы<br>4.Оқушылардың олимпиадаға,интеллектуалды марафондарға,конкурс,ғылыми жобаларға қатысу көрсеткіштері<br>5.Пән апталықтарға қатысуы<br>6.Оқушылардың,әріптестердің,ата-аналардың анкеталарының қорытындысы | Қыркүйек- наурыз | 1. Ашық сабақтар беру.<br>2.Сыныптан тыс тәрбие шараларын өткізу.<br>3..Жарыс<br>4..Интеллектуалды марафон, конференция т.б | ӘБ жетекшісі |
| 3 | III. Қорытынды кезең.<br>1.Алынған нәтижелерді өңдеуден өткізу.<br>2. Аттестацияланушыға экспerттік мінездеме жазып, қорытындылау.<br>3.Аттестацияланушыны экспerттік қорытындымен таныстыру. | Сәуір | | ӘБ жетекшісі |

*Дарынды балалармен жұмыс*

| № | *Жұмыс мазмұны* | *Мерзімі* | *Өткізілуформасы* | *Жауапты* |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Әр сынып бойынша дарынды балаларды анықтау. | Қыркүйек | Сайыс, сабақ | Пән мұғалімдері |
| 2 | Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту бағытындағы жұмыс жоспарды бекіту. | Қыркүйек | Жоспар | ӘБЖ |
| 3 | Жоспардың орындалуын бақылау. | Жыл бойы | Анықтама | ӘБЖ |
| 4 | Кіші, негізгі олимпиадаларға қатынасуын қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Мектепішілік аудандық,облыстық олимпиадалар | Пән мұғалімдері |
| 5 | Оқушылардың ғылыми жоба сайыстарына қатынасуына жағдай туғызу. | Жыл бойы | «Ғылыми жоба» сайыстары | Пән мұғалімдері |
| 6 | Түрлі сайыстарды ұйымдастыру | жыл бойы | Сайыс | Пән мұғалімдері |
| 7 | Жұмыс нәтижелерін талдау. | Мамыр | Анықтама | Пән мұғалімдері |

***Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс***

| *р/с* | *Жұмыс мазмұны* | ***Өтетін күні*** | ***Өткізілу формасы*** | ***Жауапты*** |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Өзара сабаққа қатысу | Жыл бойы | Сабақ | Пән мұғалімдері |
| 2. | Оқушылардың білім, білік дағдыларын назарда ұстау, білім байқауларының, тоқсан қорытындысының нәтижелері бойынша жұмыстану | Үнемі | Сараптама | Пән мұғалімдері |
| 3. | Сынып жетекшісімен, ата-аналармен, мектеп психологымен байланыста болу | Үнемі | Әңгімелесу | Пән мұғалімдері |
| 4 | Қосымша сабақтар кестесін белгілеу,жұмысты жоспарлау,жүйелі жұмыстану | Аптаның бейсенбі күні | Сабақ, жеке, топтық жұмыс | Пән мұғалімдері |
| 5 | Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстану есептерін тыңдау | Сәуір | Есеп беру | Пән мұғалімдері |

## Пән кабинеттерінің жабдықталуы

| р/с | Жұмыс мазмұны | Өтетін күні | Өткізілу формасы | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Кабинеттің жұмыс жоспарын жасап, орындалуы туралы есеп беру | Қыркүйек мамыр | есеп беру | Кабинет меңгерушілері |
| 2. | Кабинеттің перспективалық жоспарын жасау | Қыркүйек | жоспар жасау | Кабинет меңг. |
| 3. | Кабинеттің қауіпсіздік Ережесімен оқушыларды таныстыру, санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету, бақылау | Қыркүйек | бақылау | Кабинет меңгерушілері, пән мұғалімдері |
| 4. | Кабинет пен жиһаздар,оқу-әдістемелік құралдар мен әдебиеттер күтімін сақтау | Үнемі | жинақтау | Пән мұғалімдері, оқушылар |
| 5. | Дидактикалық материалдар мен үлестірме карточкаларды толықтыру, сабақтардың электрондық нұсқаларын, тақырыптық слайдтар дайындау | Қыркүйек–мамыр | жинақтау | Кабинет меңгер. Пән мұғалімдері |
| 6. | Гүлмен безендіру жұмысын жүргізу | Жыл бойы | гүл отырғызу | Кабинет меңгерушілері |
| 7 | Кабинет сайысына қатысу | Мамыр | сайыс | Кабинет меңгерушілері |

## Әдістемелік жұмыс

| № | *Өтілетін іс-шаралардың мазмұны* | *Өту мерзімі* | *Жүзеге асуы* | *Өткізуге жауаптылар* |
|---|---|---|---|---|
| 1 | ӘБ отырыстарын өткізу | Жоспар бойынша | ӘБ отырысы | ӘБ жетекшісі |
| 2 | Күнтізбелік жоспарды тексеру | Тамыз-қаңтар | Анықтама | ӘБ жетекшісі |
| 3 | Тәжірибе алмасу бағытындағы жұмыстар | Жыл бойы | | ӘБ жетекшісі |
| 4 | Бірлестік проблемелық тақырыптарын жазу | Жыл бойы | | |
| 5 | ӘБ жыл бойы атқарылған жұмысының есебі, талдау | Жыл бойы | Анықтама | ӘБ жетекшісі |
| 6 | ӘБ жетекшісі оқу жылына жоспары | Мамыр-маусым | Жоспар | ӘБ жетекшісі |
| 7 | Сабаққа, сыныптан тыс шараларға қатысу | Жоспар бойынша | Журнал | ӘБ жетекшісі |
| 8 | Білім жетілдіру курсынан өткен мұғалімнің шығармашылық есебі | Мамыр | Хаттама | Мұғалім |
| 9 | Математика,физика, пәндерінен жиынтық, тоқсандықбағалауды өткізу кестесін құру, бекіту. | Тоқсан сайын | Кесте | Пән мұғалімдері |
| 10 | Биологи және химия пәнінен жиынтық, тоқсандық бағалауды өткізу кестесін құру, бекіту. | Тоқсан сайын | Кесте | Пән мұғалімдері |

## Қорытынды аттестацияға дайындық жұмыстары

| № | *Өтілетін іс-шаралардың мазмұны* | *Өту мерзімі* | *Өткізуге жауаптылар* | *Жүзеге асуы* |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Пән бойынша консультациялар ұйымдастыру | Қазан | Мұғалім | График |
| 2 | Дарынды оқушылармен жеке жұмыстар | Жыл бойы | Мұғалім | |
| 3 | Дайындау тестері арқылы оқушылардың мониторингі | Ай бойы | Мұғалім | Материал |
| 4 | Тақырыптық бақылау «Қорытынды аттестаттауға дайындық» | Ақпан | Оқу ісі меңгерушісі | Анықтама |

## Тақырыптық әдістемелік отырыстар

| р/с | *Жұмыс мазмұны* | *Өтетін күні* | *Өткізілу формасы* | *Жауапты* |
|---|---|---|---|---|
| 1. | **Тақырыбы:«Жаңа оқу жылының нормативтік-әдістемелік құжаттарымен танысу»**<br>1.Әдістемелік бірлестіктің өткен жылғы жұмысына талдау жасау<br>2. Әдістемелік нұсхау хатпен, нормативтік құжаттармен және оқу бағдарламасымен танысу.Бірлестіктің жылдық жоспарымен таныстыру.<br>3. 2021-2022 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспарларын тексеріп, бекіту.<br>4.Жас мұғалімдерге тәлімгер тағайындау, әдістемелік тақырыптарын бекіту.<br>5.Қорытынды аттестаттаумен ҰБТ және ББЖМ-ға дайындық жоспарларын бекіту.<br>6. Дарынды оқушылармен жұмыс жоспарын құру, бекіту.<br>7. Мектепішілік олимпиада тапсырмаларын, құжаттарын бекіту. | Тамыз | ӘБ отырысы №1 | ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері |
| 2. | **Тақырыбы:«Мұғалімнің ақпараттық және коммуникативтік құзырлығын қалыптастыру »**<br>1. №1 отырыс қаулысының орындалуы<br>2.Дарынды оқушылармен жұмыс.Мектепішілік олимпиада,аймақтық олимпиада қорытындысы. ҰБТ мен ББЖМ –ға дайындық.<br>3МИФ апталығы<br>4.Ітоқсанның қорытындысы. | Қараша | ӘБ отырысы №2 | ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері |
| 3. | **Тақырыбы:«Биология және химия сабақтарында модульдік технологияны практикалық қолдану»**<br>1.№ 2 хаттама шешімінің орындалуы<br>2. ҰБТ және ББЖМ тестінің қорытындысын талдау<br>3. Аудандық, облыстық пән олимпиадасының қорытындысы | Қаңтар | ӘБ отырысы №3 | ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 4.Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты ұйымдастыру.<br>5МИФ апталығының қорытындысы<br>5. Биология және химия апталығы<br>6.Ііжартыжылдық білім көрсеткіштері қорытындысы | | | |
| 4. | **Тақырыбы: «Қорытынды аттестаттауға психологиялық жағынан дайындық»**<br>1.№ 3 хаттама шешімінің орындалуы<br>2. ҰБТ және ББЖМ тестінің қорытындысын талдау<br>3.«Қорытынды аттестаттауға психологиялық жағынан дайындық»<br>4. Өзара сабаққа қатысу<br>5. Биология және химия апталығының қорытындысы | Наурыз | ӘБ отырысы №4 | ӘБ жетекшісі<br>Пән мұғалімдері<br>Мектеп психологы |
| 5. | **Тақырыбы: «Жылдық қорытынды, талаптар мен міндеттер»**<br>1.№ 4хаттама шешімінің орындалуы<br>2.II жартыжылдық білім кесімдерінің қорытындысы.<br>3.Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстың қорытынды есебі<br>4. 9-11сынып оқушыларын мемлекеттік емтиханға дайындау.<br>5.ӘБ жұмысына сараптама талдау<br>6.Жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасы | Мамыр | ӘБ отырысы №5 | ӘБ жетекшісі |

**Әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспары.**

| № | Жұмысмазмұны | Мақсаты | Түрі | Мерзімі | Жауапты | Қайдакарал |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Әдістемелік отырыс өткізу.<br>2024-2025 оқу жылына күнтізбелік жоспар түзу, талқылау.<br>2023-2024 оқу жылының жылдық есебі. | «2024-2025 оқу жылында ҚР жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатпен танысу. | Хаттама | Тамыз | Б.Шалабаева | ӘБотырысы Пед.кеңес |
| 2 | Жаңаоқужылының мақсаты мен міндеттері, жұмыс бағыттары | | | | | |
| 3 | Әдістемелік бірлестіктің ережесімен танысу | | | | | |
| 4 | Әдістемелік бірлестіктің жоспарымен танысу | | | | | |
| 5 | Күнтізбелік жоспарлармен, қолданбалы курс бағдарламаларымен, үйірме жұмыстарының жоспарымен танысу, бекіту. | | | | | |
| 6 | Дарынды және үлгерімі төмен балаларға арналған жылдық жұмыс жоспарын құру. | | | | | |
| 7 | • 9,11 сыныптардынкорытынды аттестация жәнеPIZA-ға дайындық жоспарынбекіту.<br>• ҰБТ және ББЖМ-ға дайындық жоспарын бекіту.<br>• Пән олимпиадаларының құжаттарын дайындау (жаттығу материалдары, мәтіндер, сұрақтар, тестер) | Жоспар бекіту | Жоспар бекіту | Тамыз Жыл бойы | Оқу ісінің меңгерушісі Пән мұғалімдері | Пед. кеңес |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Нөлдік бақылау қималарын дайындау және өткізу | Білім стандартының орындалуы | Бақылау жұмыстары мен тест тапсырмалары | Қыркүйек | Пәнмұғалімдері | ӘБотырысы Директор жанындағы кеңес |
| 9 | Аттестациядан өтетін мұғалімдердің дайындық жұмыстарын анықтау. | Мұғалімніңбіліктілігінкөтеру | Анықтама | | Оқуісініңменгерушісі Бірлестік жетекші | ӘБотырысы Директор жанында ғыкеңес |
| 10 | «Үздік педагог» байқауға қатысушы мұғалімді анықтау,дайындық жұмыстары | Тізімтіркеу | Тізімбекіту | | | |
| 11 | Байқауларға, жарыстарға, интеллектуалды сайыстарға оқушылардың қатысуын ұйымдастыру | Талантты оқушыларды анықтау және оларды қолдау | Байқау | Қыркүйек | Пәнмұғалімдері | ӘБотырысы |
| 12 | *«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – басты міндет»* | | Баяндама | Қазан | Г.Алдешова. | ӘБотырысы |
| 13 | Үлгерімі төмен оқушыларды анықтап, оқу сапасын жақсарту мақсатында жағдай жасау | Оқусапасынжақсарту | Жоспарқұру | Қазан | Пәнмұғалімдері | ӘБотырысы |
| 14 | Ғылымижұмыспенайналысыпжатканоқушылардың тізімінбекіту, перзентациясынжасау, дайындау | Ғылымижұмысыбойыншаоқушығабағыт беру жолдарынқарастыру | | Қазан | Пәнмұғалімдері | ӘБотырысы |
| 15 | Биология және химия апталығын өткізу. | 5-11 сыныптарда биология және химия пәндері арасында оқушыларды сабаққа қызықтыру. | Анықтама | Қараша | А.Жапбаркулова А.Әбдіхалықова | ӘБотырысы |
| 16 | I тоқсанқорытындысынталдау. БақылаужұмыстарыныңалынусапасыМектепішілі солимпиада,аймақтық олимпиада қорытындысы. | Мемлекеттік стандарт бойынша бақылау жұмыстарының орындалуын тексеру. | Анықтама Мониторинг | Қараша | ӘБ жетекшісі Оқуісініңменгерушісі | ӘБотырысы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 17 | Әдістемелікбірлестіктерінің І жарты жылдық жұмыс есебі | | Анықтама | Желтоксан | Б.Шалабаева | ӘБотырысы |
| 18 | Тренинг. «Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлардың құрылымы» | | Тренинг | Желтоксан | Г.Аллешова | ӘБотырысы |
| 19 | ӘБ мұғалімдерінің біліктілігінәртүрлі оқыту (тақырыптық кеңестер,оқыту семинарлары,дөңгелек үстелдер,шығармашылық есептер,өзара сабаққа қатысу) формалары арқылы көтеру | | Анықтама | Жыл бойы | ӘБ жетекшісі Пәнмұғалімдері. | ӘБотырысы |
| 20 | Пәндердің оқу жоспары бойынша берілу деңгейі, тоқсандық, І жартыжылдық қорытындысына сараптамасы. | Мемлекеттікстандарттыңорындалуы | Анықтама | Қантар | Пәнмұғалімдері. | ӘБотырысы |
| 21 | Аттестацияға ұсынылған мұғалімдердің жүргізілген жұмыстарын талдау. | | Анықтама | Қантар | ӘБ жетекшісі Оқуісініңмеңгерушісі | |
| 22 | Айлық басылымдарға материалдар әзірлеу | | | Жыл бойы | ӘБжетекшісі Пән мұғалімдері | |
| 23 | «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер» | | Баяндама | Қантар | М.Сарыбаев | ӘБотырысы |
| 24 | МИФ апталығын өткізу. | 5-11 сыныптарда Математика,физика информатика пәндері арасында оқушыларды сабаққа қызықтыру. | Анықтама | Қантар | Б.Шалабаева Н.Мухтаров Е.Нусипбекова Г.Аллешова Н.Бултаков | ӘБотырысы |
| 25 | Кәсібибайқаулар мен жарыстарға мұғалімдердің қатысуын ұйымдастыру /аудандық, облыс,республикалық байқаулар. | Мұғалімдердің кәсіптік деңгейін көтерілуіне жағдай жасау | Байқау | Ақпан | ӘБ жетекшісі. Пән мұғалімдері | ӘБотырысы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 26 | Ғылыми жұмыспен айналысып жатқан оқушылардың перзентацияларының қорытындысы | Оқушылардыңшығармашылық, өзбетіншежұмысжасау қабілетіндамыту. | Презентация,байқау. | Наурыз | ӘБ жетекшісі. Пән мұғалімдері | ӘБотырысы |
| 27 | Мемлекеттік стандарт бойынша оқу жоспарының орындалуы. | Математика,физика пәні оқытылу жұмыстарының қорытындысы | Анықтама | Сәуір | ӘБ жетекшісі. Пән мұғалімдері | ӘБотырысы |
| 28 | Дарынды оқушылар мен үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстың қорытындысы | Жұмыстың орытындылау. | Рейтинг | Мамыр | Пән мұғалімдері | |
| 29 | • Емтихан материалдарымен танысу,талдау,бекіту<br>• ӘБ мұғалімдерінің 2024-2025оқу жылында атқарған жұмыстарына талдау<br>• Пәндербойыншабілімсапасыныңмониторингі<br>• ҰБТ қорытындысы бойынша пән мұғалімдерінің мониторингі шығару<br>Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарының жобасы,міндеттері | | Хаттама | Мамыр | Б.Шалабаева Пән мұғалімдері | Пед.кеңес |

Бірлестікжетекшісі: Б.Шалабаева.

## Әдістемелік бірлестік туралы
## Ереже

**1.Жалпы ережелер**

Әдістемелік бірлестік бір немесе бірнеше жақын оқу пәндері бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік- тәжірбиелік және сыныптан тыс жұмысты жүзеге асыратын білім беру мекемесінің әдістемелік қызмет бөлімшесінің негізгі құрылымы болып табылады.

Әдістемелік бірлестік бір немесе бірнеше жақын пәндер бойынша 5 мұғалімнен кем емес жағдайда ғана құрылады.

Білім беру мекемесінде сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі құрылуы мүмкін.

Әдістемелік бірлестік мүшелерінің саны білім беру мекемесінің алдына қойған міндеттерді кешенді шешу қажеттілігінен анықталады және мектеп директорының бұйрығымен белгіленеді.

Әдістемелік бірлестік мектеп директорының әдістемелік жөніндегі орынбасарының ұсынуы бойынша құрылады, қайта жасақталады және таратылады.

Әдістемелік бірлестік тікелей мектеп директорының әдістемелік жөніндегі орынбасарына бағынады.

Әдістемелік бірлестік бала құқықтары туралы Конвенцияны, Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы Заңды, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңды сақтайды, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің нормативті құжаттарын , қалалық білім беру бөлімінің бұйрықтары мен шешімдерін, мектеп директорының бұйрықтары мен нұсқауларын басшылыққа алады.

Білім беру мекемесінің әдістемелік бірлестігі ұжымдық жұмыстың барлық түрлеріне белсене қатысады, басқа мектептердің әдістемелік бірлестіктерімен, қалалық білім беру бөлімінің әдістемелік кабинетімен байланысты ұйымдастырады.

**ІІ.Әдістемелік бірлестіктің міндеттері**

-оқушылардың интеллектуалды, мәдени және адамгершілік даму қажеттіліктерін қанағаттандыру;

-оқу-тәрбие, әдістемелік және эксперименттік-тәжірбиелік жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде ұйымдастыру және жүргізу;

-оқу сабақтарының әртүрлі түрлерін жүргізу, оларды оқу-тәрбие, әдістемелік және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету әдістемесін жетілдіру;

-мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін көтеру;

**ІІІ.Әдістемелік бірлестіктің жұмысы**

Әдістемелік бірлестік жетекшісі тәжірбиелі және білікті мұғалімдерден мектеп директорының бұйрығымен тағайындалады.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі әдістемелік бірлестік жұмысын мектеп директорының әдістемелік жөніндегі орынбасарының жалпы басшылығымен ұйымдастырады.

Әдістемелік бірлестік жұмысы ағымдағы оқу жылының жоспарына сәйкес жүргізіледі.Әдістемелік бірлестік жоспарын әдістемелік бірлестік жетекшісі құрайды, әдістемелік бірлестіктің отырысында қаралады, мектеп директорының әдістемелік жөніндегі орынбасарымен келісіледі және мектеп директорымен бекітіледі.

Әдістемелік бірлестік отырысы тоқсанға бір реттен кем емес өткізіледі.

Отырыста қаралған әрбір мәселе бойынша шешім қаралып,хаттама журналында көрсетіледі.Шешімге әдістемелік бірлестік жетекшісі қол қояды.

Әдістемелік бірлестік отырысы алдыңғы отырыстағы қабылданған шешімнің орындалуы туралы есептен басталады.

**ІУ.Әдістемелік бірлестіктің құжаттары**

1.Әдістемелік бірлестік папкасының титулдық беті

2.Әдістемелік бірлестіктің ашылуы туралы мектеп директорының бұйрығы

3.Әдістемелік бірлестік жетекшісін тағайындау туралы мектеп директорының бұйрығы

4.Әдістемелік бірлестік туралы ереже

5.Өткен оқу жылының оқу-тәрбие, әдістемелік жұмыстарының барлық бағыттары туралы сараптамалық талдау

6.Әдістемелік бірлестіктің жаңа оқу жылындағы әдістемелік тақырыбы, мақсат-міндеттері

7.Әдістемелік бірлестік мүшелері туралы статистикалық мәлімет
-аты-жөні, туған жылы, айы мен күні
-білімі (бітірген жылы, оқу орны), диплом бойынша мамандығы, санаты (алған жылы),беретін пәні,еңбек өтілі (педагогикалық өтілі, соның ішінде осы мекемедегі өтілі),білім жетілдіру курсынан өтуі (өткен жылы, орны, тақырыбы), әдістемелік тақырыбы, марапаттау (жылы, түрі, алған жері)
-мекен-жайы, телефоны
8.Әдістемелік бірлестік мүшелерінің бірлестіктегі қызметтік міндеттері
9.Әдістемелік бірлестіктің жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары
а)мұғалімдердің ғылыми-теориялық және кәсіби дайындығы
-теориялық семинарлар( семинарлар жоспарлары)
-авторлық және бейімделген бағдарламалар бойынша жұмыс (мұғалімнің аты-жөні, бағдарлама атауы)
-шығармашылық топтың жұмысы (жұмыс жоспары)
- «озат тәжірбие мектебінің» жұмысы (жұмыс жоспары)
-ЖОО, ООО-мен байланыс (шаралар жоспары)
-мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша болашақ жоспары
б)мұғалімдердің әдістемелік дайындығы
-семинарлар, семинар-практикумдар
-дөңгелек үстелдер
-пән бойынша апталықтар
-шығармашылық сабақтар апталығы
-мұғалімдердің шығармашылық есептері
-білім жетілдіру курстарынан өткен мұғалімдердің шығармашылық есептері
-шығармашыл мұғалімдердің іс-тәжірбие жұмыстары
в)мұғалімдердің өз білімін жетілдірулі ұйымдастыру
-өз білімін жетілдіру тақырыптары бойынша есептер мен баяндамалар;әдістемелік нұсқаулар, жобалар мен жоспарларды қорғау;
-мектепішілік, аудандық өзара сабаққа қатысу , аудандық білім беру бөлімі жоспары бойынша шараларға, сабақтар мен семинарларға қатысу
г)пән бойынша сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс
-үйірмелік жұмыс
-факультативтер жұмысы
-білім байқаулары
-тақырыптық кештер
-пәндік байқаулар
-байқаулар (шығармалар, мәнерлеп оқу, суреттер және т.б пәнге қатысты)
-танымжорықтар мен саяхаттар т.б
10.Аттестаттаудан өтетін мұғалімдермен жұмыс
-ашық сабақтар, сыныптан тыс шаралар
-шығармашылық есептер
-мұғалімдердің аттестаттау бойынша болашақ жұмыс жоспары
11.Жас мамандармен жұмыс
-тәлімгерлікті ұйымдастыру (жұмыс жоспары)
- «Жас мұғалімдер мектебінің» жұмысы (жұмыс жоспары)
-жеке кеңестер
-есеп беру

-жас мамандардың қызметін тексеру (сабақтар мен сыныптан тыс шараларға қатысу)
12.Жаңадан қабылданған мұғалімдермен жұмыс
-әңгімелесу, сауалнамалар жүргізу (кәсіби мүмкіндіктерін анықтау)
-теориялық және әдістемелік дайындық деңгейін зерттеу (сабақтар мен сыныптан шараларға қатысу)
13.Дарынды, қабілетті балалармен жұмыс
-әртүрлі байқауларды өткізу
-олимпиадалар
-ғылыми жобалар сайысы
14.Әдістемелік бірлестіктің аналитикалық қызметі
(білім беру мен оқушылардың даму деңгейінің жағдайын анықтау және зерттеу)
-бақылау жұмыстарын, тестілеу, сауалнамаларды өткізу (кестесі)
-фронтальды, тақырыптық, сыныптық-жинақтау және жеке бақылауды ұйымдастыру
-жекелеген мәселер бойынша мұғалімдердің есептері
(оқу-тәрбие үрдісінің жағдайы туралы, оқушылардың үлгірімін жақсарту бағытындағы шараларды ұйымдастыру туралы ұсыныстары)
-емтихан материалдарын даярлау, талқылау және бекіту
-білім сапасының тоқсан, жартыжылдық, жылдық сараптамалық есептері
-бақылау және зертханалық-практикалық жұмыстарды орындау
15.Басқару және бақылау
-бағдарлама материалын орындауды бақылау
-дәптерлерді тексеру жүйелігі мен сапасын бақылау
-үй тапсырмасының берілуін тексеру
-оқушылардың бақылау және шығармашылық жұмыстарының объективті бағаларының қойылуын бақылау
-мұғалімдердің журналдарды толтыру мен оқушылардың дәптерлерді жүргізудегі бірыңғай орфографикалық талапты орындалуын бақылау
16.Материалдық базаны жетілдіру
-кабинеттердің жабдықталуы( кабинеттің жұмыс жоспары)
-дидактикалық материалдардың толықтырылуы
17.Әдістемелік бірлестік отырыстарының тақырыптары (жылына 5-тен кем емес)
18.Әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспарынан туындайтын айлық жұмыс жоспары
19.Әдістемелік бірлестік отырыстарының хаттамалары (дәптерлерде, тігілген, мөрленген, беттері есептелген, мектеп директорының қолы қойылған)
20.Эксперименттік-тәжірбиелік жұмыс бағдарламалары
21.Пәнді беру мен білім сапасының жағдайын бақылаудағы аналитикалық материалдары (білім байқауының мәліметтері, тоқсандық,жатыжылдық, жылдық мәліметтер мен диагностика, жазбаша сараптамалық талдау)
22.Оқу бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулары
23.Сабақтардың әртүрлі типтер мен түрлерін талдау, өзіндік талдау, баға нормаларының қойылуы,оқушылардың білім, білік, дағдыларын тексеру бағытындағы сызбалар, жаднамалар
24.Бағдарламалар (авторлық, бейімделген курстар, факультатив, үйірмелер т.б)
25.Кәсіби іс-тәжірбие мекен-жайлары
26.Өзара сабақтар мен сыныптан тыс шараларға қатысу дәптерлері (әдістемелік бірлестік мүшелерінің сабаққа қатысуына талдау)
27.Пән және әдістемелік жұмыс бойынша әдістемелік нұсқау хаттары, байқаулар, сайыстар мен олимпиадалардың ережелері, бұйрықтары, нұсқаулары т.б

**Хаттама №3**

№21 жалпы орта білім беретін мектебінің математика,физика,информатика,биология және химия,денешынықтыру,АӨД пәндер әдістемелік бірлестігінің кезектегі отырысы болып өтті.

Қатысқандары: 16 Күні: 05.01.2024ж.

**Күн тәртібінде**

1.I жартыжылдық білім көрсеткіштері қорытындысы
2. Аудандық, облыстық пән олимпиадасының қорытындысы
3. 11-сыныпта ҰБТ тестінің қорытындысын талдау
4.МИФ апталығының қорытындысы
5. Биология және химия апталығы

**Тыңдалды**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша пән бірл. жет. Б.Шалабаева сөз алып, I жартыжылдық қорытындысына талдау жасады.
- оқу жылы басында апталық сағат жүктемелері бөлініп, күнтізбелік оқу жоспарлары бекіттірілді, алайда ауданымызда жүріп жатқан зерделеуде табылған кемшіліктерге қарап, күнтізбелік оқу жоспарларыңызды дұрыстаған боларсыздар деп ойлаймын.

Екінші мәселе бойынша Н.Мухтаров математика пәнінен аймақтықтан аудандыққа 9-сынып оқушысы Аманжан Маржан өткен. Аудандық олимпиада осы айдың соңында болатынын айтып өтті. 5,6-сыныптар олимпидасынан Математика пәнінен Н.Эсенбек 1-орын алды.Үшінші мәселе бойынша ҰБТ-ға, дайындық іс-жоспары дайындалып, бекіттірілді. Аптасына бір реттен байқау тесттері алынып, нәтижесі талқыланып отырылды, нәтижесі төмен оқушылардың білім сапасын көтеру үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылуы керек. Осы тест мәселесі бойынша негізгі пән мұғалімдері сөз алып, дайындық жұмыстары барысымен таныстырды.

Төртінші мәселе бойынша пән бірл. жет. Б.Шалабаева Н.Мухтаров пәні апталығы өз деңгейінде өткізілді, белсенді қатысқан оқушылар марапатталды. Марапатталған оқушылардың тізімін математика оқып таныстырды.

Бесінші мәселе бойынша биология пәні мұғалімі: А.Жапбаркулова және химия пәні мұғалімі: А.Әбдіхалықова пән мұғалімдері апталығын өткізетінін айтып өтті.

**Шешімі**

1. I жартыжылдық қорытындысы «жақсы» деп табылсын.
2. ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын жандандыру пән мұғалімдерге жүктелінсін.
3. МИФ апталығының қорытындысы «жақсы» деп табылсын.
4. Биология және химия апталық іс-шарасы уақытысында өткізілсін.

Жиналыс төрайымы: Б.Шалабаева
Хатшы: Н.Бұлтақов

**Хаттама №4**

№21 жалпы орта білім беретін мектебінің математика,физика,информатика,биология және химия,денешынықтыру,АӘД пәндер әдістемелік бірлестігінің кезектегі отырысы болып өтті.

Қатысқандары: 16 Күні: 20.03.2024ж.

**Күн тәртібінде**

1.№3 хаттама шешімінің орындалуы
2. Қорытынды аттестаттауға психологиялық жағынан дайындық
3. ҰБТ және ББЖМ тестінің қорытындысын талдау
4. Биология және химия апталығының қорытындысы

**Тыңдалды**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша пән бірл. жет. Б.Шалабаева сөз алып, №3 хаттама шешімінің орындалуы жайлы айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша қорытынды аттестааттауға дайындығын,психологиялық жағдайын жан жақты талқылап,дайын екенін айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша ҰБТ менББЖМ-ға, дайындық іс-жоспары дайындалып, бекіттірілді. Аптасына бір реттен байқау тесттері алынып, нәтижесі талқыланып отырылды, нәтижесі төмен оқушылардың білім сапасын көтеру үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылуы керек. Осы тест мәселесі бойынша негізгі пән мұғалімдері сөз алып, дайындық жұмыстары барысымен таныстырды.

Төртінші мәселе бойынша пән бірл. жет. Б.Шалабаева биология және химия пәні апталығы өз деңгейінде өткізілді, белсенді қатысқан оқушылар марапатталды. Марапатталған оқушылардың тізімін биология және химия пәні мұғалімдері оқып таныстырды.

**Шешімі**

1.№3 хаттама шешімінің орындалуы «жақсы» деп табылсын.
2. Қорытынды аттестаттауға психологиялық жағынан дайындық
3. ҰБТ және ББЖМ дайындық жұмыстарын жандандыру пән мұғалімдерге жүктелінсін.
4. Биология және химия апталығының қорытындысы«жақсы» деп табылсын.

Жиналыс төрайымы: Б.Шалабаева
Хатшы: Н.Бұлтақов

**Хаттама №5**

№21 жалпы орта білім беретін мектебінің математика,физика,информатика,биология және химия,денешынықтыру,АӘД пәндер әдістемелік бірлестігінің кезектегі отырысы болып өтті.

Қатысқандары: 16 Күні: 29.05.2024ж.

**Күн тәртібінде**

1.№3 хаттама шешімінің орындалуы
2. ІІ жартыжылдық білім көрсеткіштері қорытындысы
3. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстың қорытынды есебі
4. 9-11 сынып оқушыларын мемлекеттік емтиханға дайындау
5. ӘБ жұмысына сараптама талдау
6. Жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасы

**Тыңдалды**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша пән бірл. жет. Б.Шалабаева сөз алып, №4 хаттама шешімінің орындалуы жайлы айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша ІІ жартыжылдық қорытындысына талдау жасады.

Үшінші мәселе бойынша Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты аптасына бір реттен тапсырма беріліп,байқау тесттері алынып, нәтижесі талқыланып отырылды, нәтижесі төмен оқушылардың білім сапасын көтеру үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылуы керек. Осы мәселе бойынша негізгі пән мұғалімдері сөз алып, дайындық жұмыстары барысында 50 пайызға өзгеріс болғанын айтты.

Төртінші мәселе бойынша пән бірл. жет. Б.Шалабаева 9-11 сынып оқушыларын мемлекеттік емтиханға дайындықты таңдаған сыныптармен жүргізілген жұмыс жоспарын сұрады. А.Жапбаркулова 9$^{Ә}$-сынып биология пәнін таңдады және жақсы өткенін айтты.

Бесінші мәселе бойыншаӘБ жұмысына сараптама талдау жасап пән бірл. жет. Б.Шалабаева 2022-2023 оқу жылында жақсы нәтижеге қол жеткізген жетістіктерді атап өтті.

**Шешімі**

1.№4 хаттама шешімінің орындалуы «жақсы» деп табылсын.
2. ІІ жартыжылдық қорытындысы «жақсы» деп табылсын.
3. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстың қорытынды есебі«жақсы» деп табылсын.
4. 9-11 сынып оқушыларын мемлекеттік емтиханға дайындау«жақсы» деп табылсын.
5. ӘБ жұмысына сараптама талдау«жақсы» деп табылсын.

Жиналыс төрайымы: Б.Шалабаева
Хатшы: Н.Бұлтақов

**Хаттама №1**

№21 жалпыбілім беретін мектебінің математика,физика,информатика,биология және химия,денешынықтыру,АӨД пәндер әдістемелік бірлестігінің кезектегі отырысы болып өтті.

Қатысқандары: 16 Мерзімі: 29.08.2023ж.

**Күн тәртібінде**

1.Әдістемелік бірлестіктің өткен жылғы жұмысына талдау жасау
2. Әдістемелік нұсхау хатпен, нормативтік құжаттармен және оқу бағдарламасымен танысу. Бірлестіктің жылдық жоспарымен таныстыру.
3. 2022-2023 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспарларын қолданбалы курс, факультативтер бағдарламаларын тексеру, бекіту.
4.Қорытынды атестаттаумен ҰБТ мен ББЖМ-ға дайындық жоспарларын бекіту.
5. Дарынды оқушылармен жұмыс жоспарын құру, бекіту.
6. Мектепішілік олимпиада өткізу.

**Тыңдалды**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша пән бірл. жет.Б.Шалабаева сөз алып, өткен оқу жылының қорытындысымен таныстырды. Өткен оқу жылында жоспарланған іс шаралардың 70 пайыз орындалғанын айтты.

Екінші мәселе бойынша Әдістемелік нұсхау хатпен таныстырып өтті. Пән мұғалімдерінің апталық жүктемесімен таныстырды.Денешынықтыру пән мұғалімдерінің апталық жүктемесі толмай қалатынын ескертті. Қалған мұғалімдер 16 сағаттан кем еместігін айтып өтті.

Үшінші мәселе Күнтізбелік жоспар ҚР. Білім және ғылым министрінің 2020ж. 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес бекіттірілуін ескертті.

Төртінші мәселе ҰБТ-ға дайындық жоспарларының бекіттірілуін ескертті.

Бесінші мәселе Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспарларының бекіттірілуін ескертті.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша мектепішілік олимпиадаға осы бастан оқушыларды дайындауын ескертті.

**Шешімі**

1. Өткен оқу жылының қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2.Денешынықтыру пән мұғалімдерінің апталық жүктемесі 16 сағатқа толтырылсын мүмкіндігінше.
3.Күнтізбелік жоспарлар №130 бұйрығына сәйкес бекіттіруге ұсынылсын.
4.ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын өз деңгейінде, жоспарға сәйкес жүргізу негізгі пән мұғалімдерге жүктелінсін.
5.Дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың жұмыс жоспарлары бекіттірілсін.
6. Олимпиадаға оқушыларды дайындау негізгі пән мұғалімдерге жүктелінсін.

Жиналыс төрайымы: Б.Шалабаева
Хатшы: Н.Бұлтақов

**Хаттама №2**

№21 жалпы орта білім беретін мектебінің математика,физика, информатика,биология және химия, денешынықтыру,АӘД пәндер әдістемелік бірлестігінің кезектегі отырысы болып өтті.

Қатысқандары: 16 Күні: 03.11.2023ж.

**Күн тәртібінде**

1. №1 отырыс қаулысының орындалуы
2. МИФ апталығы
3. Ітоқсанның қорытындысы.

**Тыңдалды**

Күн тәртібіндегі І мәселе бойынша пән бірлестік жетекшісі Б.Шалабаева сөз алып,№1 отырыс қаулысының орындалуы жайында есеп берді
-Оқу жылы басында апталық сағат жүктемелері бөлініп, күнтүзбелік оқу жоспарлары бекіттірілді.
–ҰБТ мен ББЖМ-ға дайындық іс-жоспары дайындалып бекіттірілді. Мектепішілік айына бір реттен пән мұғалімдері байқау тесттері алынып, нәтижелері талқыланып отырылды. ҰБТ мен ББЖМ-ға дайындық жұмыстары туралы пән мұғалімдеріне де сөз берілді. Пән мұғалімдері өздері жүргізіп жатқан дайындық жұмыстары туралы баяндап,іс-қағаздарымен таныстырды. Оқушылардың мектепішілік пән олимпиадасы 22 қазан күні өткізіліп, жеңімпаздар анықталды. Аймақтық олимпиадаға Математика бойынша $8^{А}$-сынып оқушысы Шірінбай Бейбарыс. Физика пәні бойынша $8^{Ә}$-сынып оқушысы Полат Бақытжан. Аймақтық және аудандықта 8-сыныптар қатыстырылмайтын болғандықтан жеңімпаз оқушыларымыз бармағанын айтып, келесі оқу жылында 9,10,11-сыныптардан алатынын ескертті.

Күн тәртібіндегі ІІ мәселе бойынша физика пәні мұғалімі Г.Алдешова сөз алып, МИФ апталығының он күндік етіп өткізетінін айтып, жоспарын алдағы уақытта бекіттіретінін ескертті.

Күн тәртібіндегі ІІІ мәселедеІ тоқсан қорытындысына талдау жасады.

**Шешімі**

1. №1 отырыс қаулысының орындалуында кемшіліктер мен қателіктер орындалсын.
2. МИФ апталығының он күндік іс-шарасы уақытысында өткізілсін.
3. І тоқсан қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.

Жиналыс төрайымы: Б.Шалабаева.

Хатшы: Н.Бұлтақов.

**Хаттама №3**

№21 жалпы орта білім беретін мектебінің математика,физика,информатика,биология және химия,денешынықтыру,АӘД пәндер әдістемелік бірлестігінің кезектегі отырысы болып өтті.

Қатысқандары: 15 Күні: 05.01.2023ж.

**Күн тәртібінде**

1.I жартыжылдық білім көрсеткіштері қорытындысы
2. Аудандық, облыстық пән олимпиадасының қорытындысы
3. 11-сыныпта ҰБТ тестінің қорытындысын талдау
4.МИФ апталығының қорытындысы
5. Денешынықтыру апталығы

**Тыңдалды**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша пән бірл. жет. Б.Шалабаева сөз алып, I жартыжылдық қорытындысына талдау жасады.- оқу жылы басында апталық сағат жүктемелері бөлініп, күнтізбелік оқу жоспарлары бекіттірілді, алайда ауданымызда жүріп жатқан зерделеуде табылған кемшіліктерге қарап, күнтізбелік оқу жоспарларыңызды дұрыстаған боларсыздар деп ойлаймын.

Екінші мәселе бойынша осы бірлестіктегі негізгі пәндерден аймақтықтан аудандыққа 9-сынып Аманжан М.өткен. Аудандық олимпиада осы айдың соңында болатынын айтып өтті. 5,6-сыныптар олимпидасынан Математика пәнінен Балтабай Алтынбек II-орын алды.

Үшінші мәселе бойынша ҰБТ-ға, дайындық іс-жоспары дайындалып, бекіттірілді. Аптасына бір реттен байқау тесттері алынып, нәтижесі талқыланып отырылды, нәтижесі төмен оқушылардың білім сапасын көтеру үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылуы керек. Осы тест мәселесі бойынша негізгі пән мұғалімдері сөз алып, дайындық жұмыстары барысымен таныстырды.

Төртінші мәселе бойынша пән бірл. жет. Б.Шалабаева МИФ пәндері апталығы өз деңгейінде өткізілді, белсенді қатысқан оқушылар марапатталды. Марапатталған оқушылардың тізімін математика пәні мұғалімі Н.Бұлтақов оқып таныстырды.

Бесінші мәселе бойынша денешынықтыру пәні мұғалімі О.Бұлтақов денешынықтыру апталығын өткізетінін айтып өтті.

**Шешімі**

1. I жартыжылдық қорытындысы «жақсы» деп табылсын.
2. ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын жандандыру пән мұғалімдерге жүктелінсін.
3.МИФ апталығының қорытындысы «жақсы» деп табылсын.
4.Денешынықтыру апталық іс-шарасы уақытысында өткізілсін.

Жиналыс төрайымы: Б.Шалабаева

Хатшы: Н.Бұлтақов